

Баба рухымен сырласу

Жақсы Жәкен—көсемсөзде алдына жан салмаған шешен Жанғұтты Ботантайұлы бабамыздың есімінің туған ауылына беру, ескерткіш белгі қою т. б. атын жаңғырту, ұрпақ көшінен тиесілі орын беру мәселесі көптен бері дау дамайдан әрі аспай саудаға түсуде.

Жақсы Жәке!

Айналдым аруағыңнан,
Үнің жетті ғасырдың әр жағынан
Мәйітіңнің қалса алыста мәңгілікке-
Елден ерек жырақта арманыңнан.
Естілгендей бізге де күрсінгенің
Мәңгілікке содан ба бір сіңгенің
Біліп, бәлкім, келерін мәргүрт ұрпақ
Кабірімді таптамай жүрсін дедің.

Өтпегенсіз білеміз, текке налып,
Көсем сөзді суарған кекке малып,
Күтірліктің боғынан жырактанып,
Жаттың ба, содан Мекке барып.

Жігерінді жасықтар құм қылған соң,
Жібегінді түте алмай жұм қалған соң,
Тексіздіктен алыстау барып қондың,
Тірлік ісін тәмамдап тындырған соң.
Жеңілдемей, бәрі бір мұнан қайғы,
Болашағы еліңнің тұмандайды..

Тіршілікте шықтығың биік еді..»
Өлгенде де танданыттың Құнанбайды,
Ұтқыр сөзінді ұрпағың жатады өріп,
Ардақтайды ұққандар бата көріп,
Бақ жұлдызын жағуға ықпал еттің,
Ұлы Абайға ұлағат—бата беріп.
Ертеңжайлы, сол кезгі ортаң жайлы,
Сырға толы сандығың ортаймайды,
Қазағыңның шайыры еткен өзің,
Қаратаудан асырып Шортанбайды.
Атағыңа лайық сай таба алмай,
дау—дамайдан тоқталар жай таба алмай.
Бәтуаға келе алмай жүрміз әлі,
Өз орнынды өзіңе қайтара алмай.

Бірлік болса көктейді түбір өніп.
Таңым бұлдыр, барады іңір өніп
Берекесіз ұрпақтың кесірінен,
Жұмақта да жатсыз ба күніреніп.
Ұлым бар деп талайды өсірді Ана
Азаймай тұр, алайда кесір бала.
Дәл осылай боларын сезгендей—ең—
Соры қалың жұртыңды кешір, Баба.

Т. АМАНДЫҚҰЛЫ.